

Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 866 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Петропавл мемлекеттік орман мекемесі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мекеме) орман қоры жерінің санатынан алаңы 52 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен " Аксес-Энерго Петропавл ЖЭО-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - серіктестік) N 2 күл үйіндісінің N 3 секциясын салу үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін серіктестікке беруді қамтамасыз етсін.

3. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған ағашты мекеменің теңгеріміне беріп, аланды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 қ а з а н д а ғ ы

N 8 6 6 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Орман қоры жерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер санатына ауыстырылатын Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шекарасында орналасқан "Петропавл мемлекеттік орман мекемесі" мемлекеттік мекемесі жерінің экспликациясы

(гектармен)

Ж е р пайдаланушының атауы		Оның ішінде

"Петропавл мемлекеттік мекемесі" мемлекеттік мекемесі	орман	Шекара-дағы алаң	Бекітіп берілгені	егіс-тік	жайы-лым	орман өскен	батпақ-тар	жол-дар
		52	52			52		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ